



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

17 мамыр 2023ж

№ 117

Доссор кенті

поселок Доссор

**2022 – 2023 оқу жылын аяқтау
және орта білім беру ұйымдарының
білім алушыларын қорытынды
аттестаттаудан өткізу туралы**

Атырау облысы білім беру басқармасының 2023 жылғы 17 сәуірдегі №148 бұйрығын және Мақат аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 16 мамырдағы №327 «2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мерзімдері:

- 1) Орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы – 2023 жылғы 31 мамыр;
- 2) 9 сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары – 2023 жылғы 02-13 маусым аралығында өткізілсін;
- 3) 11 сыныптар үшін білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары – 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдерде бекітілсін:

9 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып қорытынды аттестаттауды мынадай мерзімдерде тапсырылсын:

1) қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2023 жылғы 2 маусым;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;

3) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) 2023 жылғы 9 маусым;

4) тандау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша) Аылшын тілі, Информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылы 13 маусым;

11 сынып білім алушылары үшін:

- 1) қазақ тілі бойынша мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан -2023 жылғы 8 маусым;

3) қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;

4) қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусым;

2. таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2023 жылғы 19 маусым.

3. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес сақталуын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ә.С.Ибатоллинаға жүктелсін.

4. 2022-2023 оқу жылын аяқтау және қорытынды аттестаттаудан өткізу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілсін. (1-қосымша).

5. Қорытынды аттестаттау емтихандарын өткізу кестелері мен емтихан алушылар құрамы бекітілсін. (2 қосымша)

6. Негізгі орта білім туралы аттестат пен жалпы орта білім туралы аттестат құжаттарын тексеру және электронды толтыру үшін комиссия құрамы бекітілсін. (3 қосымша)

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп-интернат директоры:



Б.А.Тиышбаева